

## "Орталық стадион" қазыналық кәсіпорны туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 18 желтоқсан N 1809а.  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.02.28. N 289 қаулысымен. ~P010289

Қазақстан спортының деңгейін көтеру, армиялық балалар-жасөспірімдер спорт мектептері мен секцияларының базасында даярлау және халықаралық сыныптағы футбол командаларын құру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі "Орталық стадион" қазыналық кәсіпорнының уәкілетті органы болып айқындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі "Орталық стадион" қазыналық кәсіпорнын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне беруді қамтамасыз етсін.

3. "Мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790

P960790\_

қаулысына

(Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат) мынадай толықтыру мен өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіне:

мынадай мазмұнды, реттік нөмірі 21а жолмен толықтырылсын:

"21а "Орталық стадион" қазыналық Алматы қаласы";  
кәсіпорны

реттік нөмірі 31 жол алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК